


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-июнь 2023 г.



39,7
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)
- Мебель деревянная для столовой и гостиной



117,1%
ИФО

\$5,2
МЛН.



ЭКСПОРТ

Импорт 64,5%
ОТП 35,5%

\$196,1
МЛН


РЫНОК

\$126,5
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 5 мес. 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 жылғы қаңтар-маусымдағы жеңіл өнеркәсіп

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-маусымда **39,7 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен **26,8% жоғары**. Саланың ФКИ көрсеткіші қаралған кезеңде **117,1%** құрады.

ФКИ өсуі ас үйге арналған жиһаз өндірісінің 25,4%; жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісінің 23,7%; негізінен металл каркасты отыруға арналған арнайы жиһаз өндірісінің 20% өсуіне байланысты.

Жиһаз өнімін тұтынудың ішкі нарығы 2023 жылғы қаңтар-мамыр қорытындысы бойынша **196,1 млн АҚШ долл.** құрады (88,8 млрд теңге). Отандық өндірісі үлесі 35,5% құрады.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-мамырда 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе **5,2 млн. АҚШ долл. құрап, 2,2 өсті**.

2023 жылғы қаңтар-мамырда жиһаз саласы экспортының тауарлық құрылымында төмендегі тауарлар негізгі көлемді құрайды:

металл жиһаз (1 696,1 мың АҚШ долл.), мекемелерде қолданылатын металл жиһаз (434,2 мың АҚШ долл.),

ағаш жиһаз және оның бөлшектері (397,5 мың АҚШ долл.),

отыруға арналған жиһаз (375,2 мың АҚШ долл.),

ағаш каркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (340,9 мың АҚШ долл.),

басқа да ағаш жиһаз (293,6 мың АҚШ долл.),

мекемелерде қолданылатын ағаш жиһаз (285,6 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімінің экспортының көлемі Ресейге (жалпы экспорт көлемінің 41,5% немесе 2,6 млн АҚШ долл.), Қырғызстанға (19,1% немесе 989,6 мың АҚШ долл.), Өзбекстанға (15,9% немесе 823,4 мың АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-мамырда ақшалай көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда **126,5 млн АҚШ долл. құрап, 20% төмендеді**.

Тауарлық құрылымда импортталатын өнімнің ең жоғары көлемі: басқа да ағаш жиһаз (24,7 млн АҚШ долл.), басқа да металл жиһаз (14,5 млн АҚШ долл.), ағаш қаңқасы бар жұмсақ отыруға арналған жиһаз (13,1 млн АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (12,1 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған металл жиһаз және оның бөлшектері (7,3 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері (6,8 млн АҚШ долл.) және т.б.

Импортталатын жиһаз өнімінің негізі көлемі Ресейден (41,3 млн АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінің 32,7%), Қытайдан (27,6 млн АҚШ долл. немесе 21,8%), Түркиядан (14 млн АҚШ долл. немесе 11,1%), Белорусиядан

(12,4 млн АҚШ долл. немесе 9,8%), Италиядан (8,6 млн АҚШ долл. немесе 6,8%) келеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Алайда, еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 27% Алматы қ. өндірілетіндігін *(10,6 млрд теңге)* атап өткен жөн.